

## Конкурстан тыс рәсімдерді 2013 - 2015 жылдарға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 286 қаулысы

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Конкурстан тыс рәсімдерді республикалық бюджеттен 2013 – 2015 жылдарға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру осы қаулыға қосымшаға сәйкес ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 8

н а у р ы з д а ғ ы

№            2 8 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырылуы конкурстан тыс рәсімдер арқылы республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі: денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер:

- 1) регенеративтік медицинадағы инновациялық жасуша технологиялары;
- 2) жүкті әйелдердегі преэклампсияның алдын алу болжамы және профилактикасы бойынша ғылыми-негізделген бағдарламаны әзірлеу;
- 3) көп және байланысқан жарақаттары, олардың салдарлары мен ортопедиялық аурулары бар науқастарды диагностикалау, емдеу және сауықтырудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу.